

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 28 тамыздағы № 99
бұйрығы

Министерство здравоохранения Республики
Казахстан

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлауға 2026 – 2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 18) тармақшасына және «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024 – 2025, 2025 – 2026, 2026 – 2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығына, 2026-2027 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау қызметтерін көрсететін әлеуетті өнім берушілердің тізбелерін қалыптастыру және резидентурада 2026-2027 оқу жылына кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі комиссияларының 2026 жылғы 20 шілдедегі, 2026 жылғы 30 маусымдағы отырысының хаттамаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында саны 1045 орын, оның ішінде арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға саны 20 орын жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында конкурс негізінде саны 1655 орын жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

3) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар кадрларды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

4) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес, оның ішінде қабылдау квоталары бойынша орындардың бөлінісін есепке алғанда, жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

5) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттарында саны 325 орын магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

6) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын және ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында саны 50 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды магистратурада даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

7) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және

фармацевтикалық білімді мамандарды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

8) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес саны 160 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды PhD докторантурада даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

9) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес саны 2500 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар мамандарды резидентурада даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қабылданған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
1-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында
жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды
даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру
тапсырысы**

№ п /п	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	«Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі	«әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	«Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
1	Мейіргерісі	3			10
2	Фармация	21		3	10
3	Медицина	255	20	3	450
4	Педиатрия	150			50
5	Медициналық-профилактикалық іс	45			25
Жиыны		500*			545*

* Оның ішінде 20 орын арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау білім беру гранты беріле отырып («Білім туралы» Қазақстан Республикасының № 319 Заңына сәйкес).

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
2-қосымша

**Жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды
даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдары**

B084 – Мейіргер ісі

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ*;
2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;
3. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ*;
4. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;
5. «Семей медицина университеті» КеАҚ;
6. «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ;
7. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;
8. «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті» КеАҚ*.

B085 – Фармация

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ*;
2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;
3. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ*;
4. «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті» КеАҚ*;
5. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;
6. «Семей медицина университеті» КеАҚ;

7. «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ;
8. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;
9. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.

BM086 – Медицина

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ*;
2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ;
3. «С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті» КеАҚ*;
4. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;
5. Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті*;
6. «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті» КеАҚ*;
7. «Семей медицина университеті» КеАҚ;
8. Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ;
9. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;
10. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;
11. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті.

BM088 – Педиатрия

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ*;
2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ;
3. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті» КеАҚ*;
4. «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ;
5. «Семей медицина университеті» КеАҚ;
6. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.

BM089 - Медициналық-профилактикалық іс

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ*;

2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;

3. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ*;

4. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;

5. «Семей медицина университеті» КеАҚ;

6. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

КеАҚ - Коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

МеББМ - Мемлекеттік емес білім беру мекемесі;

АҚ - Акционерлік қоғамы;

* Орналастырылған мемлекеттік білім беру тапсырысының саны
талапкерлердің квоталанған санаттарын қоса алғанда, осы бұйрыққа 1-қосымшаға
сәйкес.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
3-қосымша

**Жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды
даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру
тапсырысы**

№	Білім беру бағдарламаларының тобы		Мемлекеттік білім беру тапсырының жалпы көлемі (№193 бұйрыққа сәйкес)	Квота бөлінген 4 жоғары оқу орны	Қалған ЖОО
1	B084	Мейіргер ісі	20	13	7
2	B085	Фармация	70	18	52
3	BM086	Медицина	1500	651	849
5	BM088	Педиатрия	480	150	330
7	BM089	Медициналық-профилактикалық іс	146	50	96
		Халықаралық келісімдер бойынша шетел азаматтарын оқытуға	20		20
		Жиыны	2236	882	1354
Кво- та	1	Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін (1%)	54	20	34
	2	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін (0,5%)	5	2	3
	3	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін (4%)	108	37	71
	4	Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін (1%)	27	10	17
	5	Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін (5%)	135	48	87
	6	Кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін (1%)	81	25	56
	7	Бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін (1%)	54	21	33
		Барлығы квота бойынша	464	163	301
		Жиыны	2700	1045	1655

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
4-қосымша

**Медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан
кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды
магистратурада даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік
білім беру тапсырысы**

М10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету			Бағыты	
			Ғылыми-педагогикалық	Бейіндік
7М101 Денсаулық сақтау	M139	Денсаулық сақтаудағы менеджмент	20	50
	M140	Қоғамдық денсаулық сақтау	40	50
	M141	Мейіргер ісі	40	
	M142	Фармация	50	
	M143	Биомедицина	10	
	M144	Медицина	50	
	M145	Медициналық-профилактикалық іс	15	
			225	100
		Жиыны	325	

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
5-қосымша

**Медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын және ерекше мәртебесі
бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және
фармацевтикалық білімі бар мамандарды магистратурада даярлауға 2026-
2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№ п /п	Білім беру бағдарлама- сы тобының атауы	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлт- тық медицина университеті» коммерция- лық емес акционерлік қоғамы		«Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі		«әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлт- тық университеті» коммерция- лық емес акционерлік қоғамы	
		Бағыт		Бағыт		Бағыт	
		Бейіндік	Ғылыми-педагогикалық	Бей- індік	Ғылыми-педаго- гикалық	Бейін- дік	Ғылыми-педагогика- лық
1	Денсаулық сақтаудағы менеджмент	5	2				
2	Қоғамдық денсаулық сақтау	8	3		3		3
3	Мейіргер ісі		2				
4	Фармация	3	2				
5	Биомедицина		2				
6	Медицина		4		4		4
7	Медицина- лық-профи- лактикалық іс	3	2				
Жиыны		19	17		7		7

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
6-қосымша

**Магистратурада медициналық және фармацевтикалық білімі бар
мамандарды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім
беру тапсырысын орналастыру үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру ұйымдары**

М139 – Денсаулық сақтау менеджменті (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті»
КеАҚ*;
2. «Астана медицина университеті» КеАҚ;
3. «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ;
4. «Семей медицина университеті» КеАҚ;
5. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;
6. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС.

М139 – Денсаулық сақтау менеджменті (бейіндік)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті»
КеАҚ*;
2. «Астана медицина университеті» КеАҚ;
3. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;
4. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС.

М140 – Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті»
КеАҚ*;
2. «Астана медицина университеті» КеАҚ;

3. «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ;
4. «Семей медицина университеті» КеАҚ;
5. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ;
6. «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ;
7. Қ.А Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті*;
8. «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті» КеАҚ*;
9. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;
10. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС.

M140 – Қоғамдық денсаулық сақтау (бейіндік)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті» КеАҚ*;
2. «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ;
3. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ;
4. «Астана медицина университеті» КеАҚ;
5. «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ;
6. «Семей медицина университеті» КеАҚ;
7. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;
8. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС;
9. Қ.А Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті*.

M141 – Мейіргер ісі (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ*;
2. «Астана медицина университеті» КеАҚ;
3. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ*;
4. «Семей медицина университеті» КеАҚ;

5. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;

6. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;

7. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС.

M142 – Фармация (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ*;

2. «Астана медицина университеті» КеАҚ;

3. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;

4. «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті» КеАҚ;

5. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;

6. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;

7. «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ.

M143 – Биомедицина (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ*;

2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ.

M144 – Медицина (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті»
КеАҚ.*;

2. «Астана медицина университеті» КеАҚ;

3. «Семей медицина университеті» КеАҚ;

4. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;

5. «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МеББМ;

6. Қ.А Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті*;

7. «әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті» КеАҚ*;

8. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС;

9. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;

10. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ;

М145 – Медициналық-профилактикалық іс (ғылыми-педагогикалық)

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ*;

2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ;

3. «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС;

4. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ;

5. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

КеАҚ - коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

МеББМ - мемлекеттік емес білім беру мекемесі;

АҚ - акционерлік қоғамы.

«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС - «Қоғамдық
денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстандық медицина
университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

*Орналастырылған мемлекеттік білім беру тапсырысының саны осы
бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
7-қосымша

**Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі
бар мамандарды PhD докторантурада даярлауға 2026-2027 оқу жылына
арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары	Бөлінген орындар саны	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	Білім беру бағдарламасының тобы бойынша бөлінген орындар саны
1	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	22	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	6
			«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ консорциумы аясында	3
			«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ консорциумы аясында	1
			«Қазақ, ғылыми-зерттеу онкология және радиология институты» АҚ консорциумы аясында	5
			«Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ консорциумы аясында	1
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	2
			«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ консорциумы аясында	1
			«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ консорциумы аясында	1
			Мейіргер ғылымы (ғылыми-педагогикалық)	2
2	«Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	23	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	9
			«академик Н.Ж. Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» АҚ консорциумы аясында	3
			ҚР ДСМ «Ұлттық еңбек гигиенасы және аурулар орталығы ғылыми орталығы» АҚ консорциумы аясында	1
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	5

			ҚР ДСМ «Ұлттық еңбек гигиенасы және аурулар орталығы ғылыми орталығы» АҚ консорциумы аясында	2
			Фармация	2
			Мейіргер ғылымы (ғылыми-педагогикалық)	1
3	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	16	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	10
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	5
			Мейіргер ғылымы (ғылыми-педагогикалық)	1
4	«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	16	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	9
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	6
			Мейіргер ғылымы (ғылыми-педагогикалық)	1
5	«Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	25	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	13
			ҚР ДСМ «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» консорциумы аясында	2
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	6
			«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» консорциумы аясында	1
			«ҚР ПББ Медициналық орталығының ауруханасы» консорциумы аясында	1
			Фармация (ғылыми-педагогикалық)	1
			Мейіргер ғылымы (ғылыми-педагогикалық)	1
6	«Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» Қазақстандық медицина университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	3
			«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ консорциумы аясында	4
			«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ консорциумы аясында	3
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	5
7	«әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	4	Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	2
			Медицина (ғылыми-педагогикалық)	2
8	Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті	4	Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	2
			Медицина (ғылыми-педагогикалық)	2
9	«Қазақстан-Ресей медицина университеті» мемлекеттік емес білім беру мекемесі	15	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	9
			«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ консорциумы аясында	2

			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	4
10	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	20	Медицина (ғылыми-педагогикалық)	12
			Қоғамдық денсаулық сақтау (ғылыми-педагогикалық)	4
			Фармация (ғылыми-педагогикалық)	4
	Барлығы	160		160

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 28 тамыздағы
№ 99 Бұйрыққа
8-қосымша

**Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар мамандарды
резидентурада даярлаудың 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік
білім беру тапсырысы**

№	Бар-лық орын-дар	Мамандықтың атауы	Мамандығы бойынша бөлінген орындардың жалпы саны	Өңір/ ЖЖОКБҰ	Бөлін-ген орын-дар са-ны
1	«С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ				
	517	Акушерия және гинеколо-гия (ересектер, балалар)	46	Алматы облысы	10
				Жетісу облысы	5
				Алматы қаласы	10
				Қазақстан Республикасы*	21
		Аллергология және имму-нология (ересектер, бала-лар)	7	Ақтөбе облысы	1
				Атырау облысы	1
				Батыс Қазақстан облысы	3
				«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан ме-дицина университеті» КЕАҚ	1
				Қазақстан Республикасы*	1
		Аллергология және имму-нология (балалар)	2	Жамбыл облысы	1
				Жетісу облысы	1
		Анестезиология және ре-аниматология (ересектер, балалар)	30	Алматы облысы	3
				Жетісу облысы	2
				Батыс Қазақстан облысы	6
				Алматы қаласы	7
				«Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ	1
				ҚР Қорғаныс министрлігі	3
				Қазақстан Республикасы*	8
		Анестезиология және ре-аниматология (балалар)	9	Абай облысы	2
				Жетісу облысы	3
				Ұлытау облысы	3
				Қазақстан Республикасы*	1
		Ангиохирургия (ересек-тер, балалар)	3	Атырау облысы	1
				Жамбыл облысы	1

		Жетісу облысы	1
Балалар жасындағы стоматология	6	Ақмола облысы	1
		Ақтөбе облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	1
		Қостанай облысы	1
		Ұлытау облысы	1
Балалар хирургиясы	6	Ақтөбе облысы	1
		Алматы облысы	2
		Жетісу облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	2
Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	7	Алматы облысы	1
		Жамбыл облысы	1
		Жетісу облысы	2
		«ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК	1
		Қазақстан Республикасы*	2
Гастроэнтерология (балалар)	6	Ақмола облысы	3
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	2
Гематология (ересектер)	10	Шығыс Қазақстан облысы	2
		Жамбыл облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	2
		Маңғыстау облысы	1
		«ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК	1
		«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ	1
		Қазақстан Республикасы*	1
Дерматовенерология (ересектер, балалар)	1	ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	1
Жалпы хирургия	35	Алматы облысы	10
		Жамбыл облысы	1
		Жетісу облысы	1
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	3
		ҚР Қорғаныс министрлігі	3
		Қазақстан Республикасы*	17
Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	2	Абай облысы	1
		Жетісу облысы	1
Жақ-бет хирургиясы (балалар)	3	Батыс Қазақстан облысы	1
		Маңғыстау облысы	1
		Алматы қаласы	1

Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)	2	Алматы облысы	2
Инфекциялық аурулар (балалар)	6	Жамбыл облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	2
		Маңғыстау облысы	1
		Ұлытау облысы	1
Кардиология (ересектер, балалар)	10	Жетісу облысы	1
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	2
		Қазақстан Республикасы*	7
Кардиология (балалар)	7	Ақмола облысы	1
		Атырау облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	2
		Қарағанды облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	1
Кардиохирургия (ересектер, балалар)	3	Батыс Қазақстан облысы	1
		Алматы қаласы	2
Клиникалық фармаколо- гия	9	Алматы облысы	2
		Жамбыл облысы	2
		Жетісу облысы	2
		Қостанай облысы	2
		Ұлытау облысы	1
Медициналық генетика	6	Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	4
Неврология (ересектер, балалар)	6	Алматы қаласы	5
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	1
Неврология (балалар)	3	Абай облысы	1
		Атырау облысы	1
		Жетісу облысы	1
Нейрохирургия (ересектер, балалар)	5	Алматы облысы	1
		Жетісу облысы	2
		Ұлытау облысы	1
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	1
Неонатология	18	Ақмола облысы	3
		Жамбыл облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Ұлытау облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	12
Нефрология (ересектер, балалар)	7	Алматы облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	1

		Қазақстан Республикасы*	4
Нефрология (балалар)	5	Атырау облысы	1
		Қарағанды облысы	1
		«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
		Қазақстан Республикасы*	1
Онкология (ересектер)	13	Жетісу облысы	2
		Маңғыстау облысы	2
		Қазақстан Республикасы*	9
Онкология және гематология (балалар)	8	Ақмола облысы	1
		Қарағанды облысы	1
		«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ	1
		Қазақстан Республикасы*	5
Радияциялық онкология	4	Жамбыл облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Ұлытау облысы	1
		«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ	1
Отбасы медицинасы	20	Ақмола облысы	3
		Алматы облысы	3
		Алматы қаласы	14
Оториноларингология (ересектер, балалар)	10	Алматы облысы	3
		Алматы қаласы	5
		«ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК	1
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	1
Оториноларингология (балалар)	6	Батыс Қазақстан облысы	5
		Маңғыстау облысы	1
Офтальмология (ересектер, балалар)	10	Алматы облысы	2
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	2
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	1
		Қазақстан Республикасы*	4
Офтальмология (балалар)	7	Ақмола облысы	2
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	3
		Маңғыстау облысы	1
Патологиялық анатомия	11	Алматы облысы	2
		Атырау облысы	3
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	2
		Маңғыстау облысы	1
		Ұлытау облысы	2

Педиатрия	10	Алматы қаласы	10
Психиатрия (ересектер, балалар)	30	Ақмола облысы	6
		Алматы облысы	7
		Жетісу облысы	1
		Батыс Қазақстан облысы	3
		Қостанай облысы	2
		Қазақстан Республикасы*	11
Пульмонология (ересектер, балалар)	5	Алматы облысы	1
		Атырау облысы	1
		Жетісу облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	2
Пульмонология (балалар)	3	Ұлытау облысы	1
		«Семей медицина университеті» КЕАҚ	1
		Қазақстан Республикасы*	1
Радиология	6	Алматы қаласы	3
		ҚР Қорғаныс министрлігі	3
Ревматология (ересектер, балалар)	10	Ақтөбе облысы	1
		Алматы облысы	1
		Жетісу облысы	2
		Қазақстан Республикасы*	6
Ревматология (балалар)	5	Ақмола облысы	2
		Жетісу облысы	1
		Ұлытау облысы	1
		«Семей медицина университеті» КЕАҚ	1
Сот-медициналық сараптама	2	Маңғыстау облысы	1
		«Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ	1
Терапия	36	Алматы облысы	2
		Батыс Қазақстан облысы	5
		Қостанай облысы	15
		«Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ	1
		ҚР Қорғаныс министрлігі	3
		ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	10
Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)	15	Қазақстан Республикасы*	15
Травматология-ортопедия (балалар)	6	Батыс Қазақстан облысы	2
		Ұлытау облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	3
Урология және андрология (ересектер, балалар)	2	Алматы қаласы	2
Физикалық медицина және оңалту (ересектер, балалар)	22	Ақтөбе облысы	1
		Атырау облысы	1
		Жетісу облысы	1

				Батыс Қазақстан облысы	2
				Алматы қаласы	5
				«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ	2
				Қазақстан Республикасы*	10
		Фтизиатрия (ересектер, балалар)	5	Ақмола облысы	2
				Қостанай облысы	1
				Солтүстік Қазақстан облысы	1
				Ұлытау облысы	1
		Кезек күттірмейтін медицина (ересектер, балалар)	3	Алматы облысы	1
				Батыс Қазақстан облысы	1
				Маңғыстау облысы	1
		Эндокринология (ересектер, балалар)	6	Алматы облысы	2
				Атырау облысы	1
				Жамбыл облысы	1
				«ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК	1
				Қазақстан Республикасы*	1
		Эндокринология (балалар)	2	Ақмола облысы	2
2	«Астана медицина университеті» КЕАҚ				
	332	Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	26	Ақмола облысы	10
				Павлодар облысы	2
				Солтүстік Қазақстан облысы	5
				«Астана медицина университеті» КЕАҚ	2
				Қазақстан Республикасы*	7
		Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)	4	Ақмола облысы	2
				Қостанай облысы	1
				Қазақстан Республикасы*	1
		Аллергология және иммунология (балалар)	3	Ақмола облысы	3
		Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	15	Ақмола облысы	3
				Қостанай облысы	2
				«Астана медицина университеті» КЕАҚ	2
				Қазақстан Республикасы*	8
		Анестезиология және реаниматология (балалар)	10	Ақмола облысы	3
				Қарағанды облысы	2
				Қостанай облысы	1
				Ұлытау облысы	2
				Қазақстан Республикасы*	2
		Ангиохирургия (ересектер, балалар)	5	Ақмола облысы	4
				Қазақстан Республикасы*	1
		Балалар хирургиясы	7	Ақмола облысы	3

		Қарағанды облысы	4
Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	4	Ақмола облысы	3
		Қазақстан Республикасы*	1
Гематология (ересектер)	3	Ақмола облысы	2
		Қазақстан Республикасы*	1
Жалпы хирургия	27	Ақмола облысы	7
		Қостанай облысы	11
		Павлодар облысы	3
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
		«Астана медицина университеті» КЕАҚ	2
		Қазақстан Республикасы*	3
Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	4	Ақмола облысы	2
		Қарағанды облысы	2
Жақ-бет хирургиясы (балалар)	5	Ақмола облысы	2
		Қарағанды облысы	2
		Ұлытау облысы	1
Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)	8	Ақмола облысы	5
		Қостанай облысы	1
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	1
Инфекциялық аурулар (балалар)	10	Ақмола облысы	5
		Батыс Қазақстан облысы	3
		Павлодар облысы	2
Кардиология (ересектер, балалар)	9	Ақмола облысы	3
		Батыс Қазақстан облысы	1
		Қостанай облысы	2
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	2
Клиникалық зертханалық диагностика	3	ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК	1
		ҚР Қорғаныс министрлігі	2
Клиникалық фармакология	9	Ақмола облысы	3
		Павлодар облысы	5
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
Неврология (ересектер, балалар)	12	Ақмола облысы	7
		Қостанай облысы	2
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	2
Неврология (балалар)	10	Ақмола облысы	4
		Батыс Қазақстан облысы	1
		Қарағанды облысы	5
Нейрохирургия (ересектер, балалар)	3	Қарағанды облысы	1
		Солтүстік Қазақстан облысы	1

		Астана қаласы	1
Неонатология	9	Қостанай облысы	1
		Павлодар облысы	6
		Солтүстік Қазақстан облысы	2
Нефрология (ересектер, балалар)	6	Ақмола облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	5
Нефрология (балалар)	4	Ақмола облысы	3
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
Онкология (ересектер)	10	Ақмола облысы	4
		Қостанай облысы	1
		Солтүстік Қазақстан облысы	3
		«Астана медицина университеті» КЕАҚ	2
Радиациялық онкология	5	Ақмола облысы	4
		Ұлытау облысы	1
Отбасы медицинасы	5	Ақмола облысы	1
		Астана қаласы	4
Оториноларингология (ересектер, балалар)	7	Ақмола облысы	7
Оториноларингология (балалар)	5	Ақмола облысы	4
		Батыс Қазақстан облысы	1
Офтальмология (ересектер, балалар)	7	Ақмола облысы	5
		Қостанай облысы	1
		Солтүстік Қазақстан облысы	1
Патологиялық анатомия	3	Ақмола облысы	3
Педиатрия	19	Ақмола облысы	10
		Қарағанды облысы	1
		Қостанай облысы	4
		Павлодар облысы	2
		Солтүстік Қазақстан облысы	2
Психиатрия (ересектер, балалар)	7	Ақмола облысы	1
		Солтүстік Қазақстан облысы	3
		«Астана медицина университеті» КЕАҚ	3
Пульмонология (ересектер, балалар)	3	Ақмола облысы	3
Пульмонология (балалар)	3	Ақмола облысы	3
Радиология	5	Ақмола облысы	5
Ревматология (ересектер, балалар)	2	Ақмола облысы	2
Сот-медициналық сараптама	5	Ақмола облысы	5
Терапия	16	Ақмола облысы	10
		Қарағанды облысы	4
		Солтүстік Қазақстан облысы	2

	Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)	5	Ақмола облысы	4
			Солтүстік Қазақстан облысы	1
	Травматология-ортопедия (балалар)	5	Ақмола облысы	5
	Урология және андрология (ересектер, балалар)	3	Ақмола облысы	2
			Павлодар облысы	1
	Физикалық медицина және оңалту (ересектер, балалар)	9	Ақмола облысы	8
			Солтүстік Қазақстан облысы	1
	Кезек күттірмейтін медицина (ересектер, балалар)	5	Ақмола облысы	3
			Ақтөбе облысы	2
	Эндокринология (ересектер, балалар)	7	Ақмола облысы	5
			Қазақстан Республикасы*	2
	3	«Семей медицина университеті» КЕАҚ		
297	Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	30	Абай облысы	5
			Павлодар облысы	14
			«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
			Қазақстан Республикасы*	9
	Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)	2	Шығыс Қазақстан облысы	1
			Қазақстан Республикасы*	1
	Аллергология және иммунология (балалар)	1	«Семей медицина университеті» КЕАҚ	1
	Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	17	Абай облысы	2
			«Семей медицина университеті» КЕАҚ	6
			Қазақстан Республикасы*	9
	Ангиохирургия (ересектер, балалар)	7	Шығыс Қазақстан облысы	3
			«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
			Қазақстан Республикасы*	2
	Балалар жасындағы стоматология	3	Шығыс Қазақстан облысы	1
			«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
	Балалар хирургиясы	8	Абай облысы	2
			Шығыс Қазақстан облысы	1
			«Семей медицина университеті» КЕАҚ	4
			Қазақстан Республикасы*	1
	Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	3	Абай облысы	1
			Шығыс Қазақстан облысы	1
			Қазақстан Республикасы*	1
	Гастроэнтерология (балалар)	2	«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
	Гематология (ересектер)	5	Шығыс Қазақстан облысы	2
			«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
			Қазақстан Республикасы*	1
		2	«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2

Дерматовенерология (ересектер, балалар)			
Жалпы хирургия	10	Абай облысы	2
		Шығыс Қазақстан облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	7
Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	2	«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
Жақ-бет хирургиясы (балалар)	2	«Семей медицина университеті» КЕАҚ	2
Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)	7	Абай облысы	1
		Шығыс Қазақстан облысы	1
		Қазақстан Республикасы*	5
Инфекциялық аурулар (балалар)	2	Абай облысы	1
		«Семей медицина университеті» КЕАҚ	1
Кардиология (ересектер, балалар)	10	Абай облысы	2
		Шығыс Қазақстан облысы	2
		«Семей медицина университеті» КЕАҚ	3
		Қазақстан Республикасы*	3
